

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «**Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам**» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 25 мамыр 2023 жыл, II бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, 25 мая 2023 год, II часть = **Materials** of the International scientific and practical conference «**Economy and Society in a new reality**» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, II part. – 2023. – Ч.2. – Б.35-39

## **ЕЛІМІЗДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ**

ӘОЖ 342.7

*Амерханова И.К., PhD докторы  
Кожяхметова А.Е., з.ғ.к., доцент  
С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ  
Астана қ.*

Мақалада Қазақстан Республикасындағы көші қон үдерісі қарастырылып, жастардың көші-қонының қоғамдық өмір үрдісіне әсер етуінің негізгі факторлары анықталған, көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері көрсетілген. Сондай-ақ, мақалада көші-қонды құқықтық реттеудің негізгі аспектілері және жастардың көші-қоны туралы өзекті мәселелері қарастырылады.

Көші-қон дегеніміз – бұл әлеуметтік-экономикалық қатынастарға байланысты болатын миграциялық қозғалыс. Миграциялық қозғалыстар бір елдің ішінде де, сонымен бірге мемлекеттердің арасында да болады. Сол себептен де халықтың көші-қонын екі түрге бөліп қарастырады: халықаралық (сыртқы) және ішкі (мемлекеттік). Қазақстандағы көші-қон үрдістері жүйелі емес. Көші-қон - бұл табиғи құбылыс және ол тек еліміздің экономикалық жағдайымен ғана байланысты деп атау дұрыс болмас. Жаңа коммуникациялық технологиялардың, байланыс құралдарының дамуы, шекаралардың ашылуы көбінесе халықтың жаһандық қозғалысының негізі болып табылады. Қазақстандағы көші-қон үрдістері халықтың шетелге де, ел ішінде де қозғалысын ынталандыратын көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады. Солтүстік өңірден Ресей еліне оқуға кетіп жатқан жасөспірімдермен, түлектердің саны жыл санап өсуде.

Соңғы жылдары ғаламдық көші-қон процестері айтарлықтай ауқымға ие болды. Қазақстан Республикасы басқа елдермен бірдей қатарда. Біздің елдің көші-қон бағыты мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға бағытталған. Көші-қон процестері адамзат тарихының барлық кезеңдеріндегі тұрақты құбылыс. Халықтың көші-қоны Қазақстан өмірінде орасан және маңызды рөл атқарады, әрине, біздің еліміздегі көші-қонның

өзіне тән ерекшеліктері бар. Кез-келген көші-қон қайшылықты әсерге ие болады және оның бастан өткерген кезеңнің күрделілігін көрсетеді. Мигрант басқа елге кеткенде өзінің өмір салтын түбегейлі өзгеретіндігін түсіну қажет.

Көші-қон процестері күрделі және ауқымды құбылыс. Қазақстанда бүгінде 100 мыңнан астам халқы бар 20-дан астам қала бар, көбінесе бұл облыс орталықтары. Әрине, болашақта Қазақстанның қоныстануы мен урбанизациясының аумақтық құрылымын рационализациялауға назар аудару қажет. Мүмкін, осы міндеттерді шешу экономикалық аудандар мен облыс орталықтарының ұтымды территориялық пропорцияларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Посткеңестік кеңістікте, оның ішінде Қазақстанда миграциялық ұтқырлықтың барлық түрлері табиғи негізге ие. Кез-келген ел халқының көші-қон мобильділігінің негізгі формаларының бірі депортация болып табылады.

Халықтың қоныс аударатын ұтқырлығы өндіргіш күштердің дамуын жеделдетуге ықпал етеді, азаматтардың қоғамдық істерді шешуге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Жұмыссыздық экономикалық дағдарыс пен халықтың көші-қон процесінің өткір мәселелерінің біріне айналды. Қазіргі уақытта Қазақстанда жұмыссыздар саны өте көп. Социологиялық зерттеулер көрсеткендей, 25 жасқа дейінгі қазақстандық жастардың шамамен 30% -ы олардың еңбек және тұрмыстық жағдайларына қанағаттанбайды. Қазақстанда көші-қон саясатындағы кешенді реформалар арқылы жұмыссыздықты жоюға болады.

Көші-қон - бұл халықтың өмірлік жағдайдың жақсаруы мен өзгеруіне жаппай ден қою тәсілдерінің бірі. Әрине, Қазақстанда көші-қонның көпшілігі қажетті болды. Көші-қонның негізгі себептері ретінде, балаларының және туыстарының болашағы туралы жалпы алаңдаушылық, еліміздің экономикалық жағдайының нашарлауына байланысты алаңдаушылық, көбінің жоғары жалақы төленетін жұмыс іздеуі, өмір сүру деңгейін жақсартуға ұмтылу, экологиялық жағдайдың нашарлауын айтуға болады.

Көші-қон үдерісі, еліміздің барлық жағдайына, атап айтатын болсақ әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, қауіпсіздік, демографиялық жағдайларына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары «жастар» болып табылады. Заңға сәйкес, «Мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау болып табылады». Және де мемлекеттік жастар саясатының негізгі міндеттері ретінде: жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту; азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту болып табылады делінген [1].

Еліміздің жалпы көші-қон үдерісінде сыртқы көші-қон ағындарының ұлғаюы және Қазақстаннан тұрақты тұруға кететіндердің 43,8% - ын 15-тен 34 жасқа дейінгі жастар құрайтындығы өзіне назар аудартады, мұны жастардың тұрақты өсіп келе жатқаны ретінде сипаттауға болады, еңбек ресурстары нарығына айтарлықтай теріс әсер етеді және экономикалық даму мүмкіндіктерін төмендетеді. Қазақстан аумағының ауданы бойынша әлемде 9-шы орынды және халық саны бойынша 64-ші орынды алады, елдегі халықтың орташа тығыздығы км<sup>2</sup>-ге 6,74 адамды құрайды, бұл біздің елімізді 2018 жылы БҰҰ таныған 195 тәуелсіз мемлекеттің ішінде халық тығыздығы бойынша елдер тізімінде 184-ші орынға иеленеді. Соңғы 5 жылда елден 189 765 адам көшіп келді, ал 70933 этникалық қазақ келді. Айырмашылық 118 832 адамды құрайды [2].

Қазақстанда көші қон үдерісі жыл сайын өсіп келеді. Соңғы он жылда еліміздің еңбекке қабілетті, білімді азаматтарының 366 мыңнан астам адамы шетелге кетуге шешім қабылдаған. Солардың ішінде көбі жастар. Жастардың басқа аймаққа қоныс аударуының негізгі себебі, білім алуға деген ұмтылыс, жастардың жұмыссыздығы мен жалақының төмендігі, білім беру мен денсаулық сақтаудың жеткіліксіз жоғары деңгейі, инфляция, бағаның өсуі, тұтыну тауарларының, қызметтердің, демалыстың, туризмнің және т.б. қымбатқа түсуі, еңбек нарығында мамандықтарға, кәсіптерге сұраныстың болмауы, жастарды қолдаудың әлсіз әлеуметтік бағдарламалары, және басқа да жағымсыз факторлар деп түсіндіреді ғалымдар [3]. Алайда, бұл жерде шетелге кеткен жастардың қандайда бір қиыншылықтарды кездестіретіндігі туралы ақпараттар нақты жеткізілмеген. Егерде шетелге кеткен жастардың жарқын өмірмен қатар осал жақтарын көрсетіп отыратын болсақ, бұл жастардың шетелге ағылуының алдын алар деп ойлаймыз. Сондықтанда, жастардың елімізден кетуін қадағалау мемлекет тарапынан қатаң бақылауда болатын өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Егерде бұл мәселенің шешімін таппасақ, еліміз білімді де білілікті, ұтқыр азаматтарынан айырылатындығы сөзсіз.

2017 жылы 27 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 - 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарын бекіту туралы Үкіметтің қаулысында, ішкі көші қон үдерісінің реттелуі көрсетілген және де олардың мақсаты мен қағидаттарының шығу себептері айтылған [4].

Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамалық базаны талдау біздің елімізде бірыңғай, ғылыми негізделген, теңдестірілген және дәйекті мемлекеттік көші-қон бағыты жоқ екенін атап өтуге толық негіз береді. Көші-қон ағындарын бақылау және реттеу, өздігінен дамып келе жатқан ішкі көші-қон үрдістерінің қолайсыз салдарын жою, көші-қоншылардың құқықтары мен бостандықтарын кедергісіз жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет. Көші-қон бағыты тек мемлекетпен ғана емес, қоғамдық ұйымдарда ішкі көші-қон мәселелерін шешуде белсенді болуы керек.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 31.03.2011 ж. № 316 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасында «кәсіптік білім алуға қолжетімділігі шектеулі болғандықтан еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз ауыл жастарының жағдайы ерекше алаңдаушылық туғызады» делінген. Бағдарлама ауыл жастарының ішкі көші-қонын ынталандыру жөніндегі шараларды көздейді. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру үшін азаматтарды экономикалық жағдайы төмен елді мекендерден экономикалық өсу орталықтарына көшіру жоспарланды. Бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз немесе еңбекке қабілетті табысы аз халыққа жататын және отбасымен бірге тұратын әрбір мүшесіне ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын жиынтық айлық табысы бар ауыл жастары басым құқыққа ие болады [5].

ҚР 2016 жылы 6 сәуірде қабылданған «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес 21 жасқа дейінгі жастар нысаналы топ болып табылады, ол үшін мемлекет «жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді». Мәселен, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ ЖОО, колледждер мен лицейлердің түлектерін жұмысқа орналастыру үшін «Жастар практикасы» бағдарламасы бастамашылық етілді. Заңда «Үкімет жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бекітеді», жергілікті атқарушы органдар «жастар практикасын ұйымдастыруға» жауапты болады деп көрсетілген. Түлек кез келген меншік нысанындағы ұйымда жастар практикасынан өте алады. Жұмыс беруші практиканттар үшін жұмыс орындарын жергілікті атқарушы органмен жасалған шарт негізінде құрады.

Заңда жұмыс орындарының саны туралы, жұмыс уақыты мен ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдалану туралы айтылған. Жастар практикасы «білім беру ұйымдарының 29 жастан аспаған түлектері қатарынан тіркелген жұмыссыздарға» арналған [6]. Соңғы 5 жылда Қазақстанда шетелде жоғары білім алғысы келетін, сонымен қатар шетелдік жоғары оқу орындарында магистратура мен докторантурада оқуын жалғастырғысы келетін жастардың санын көбейту тенденциясы байқалды. Бұл көрсеткіштер еңбек ресурстарының, оның ішінде талантты және кәсіби жастардың тұрақты өсуінің проблемасының өзектілігін көрсетеді. Демек, авторлардың пікірінше, тағы бір мәселе туындайды - адами капитал сапасының төмендеуі.

Шетелге кеткен жастармен сұқпат жүргізген журналист мамандардың мақалаларын оқи келе, жастарды шетелге кетуіне не себеп болды, не қызықтырды деген сұрақтардың жауабының ішінен ең көп кездесетін жауаптары: қызықты және әр түрлі білім беру бағдарламалары мен курстары, соның ішінде әр түрлі тілдік курстардың өткізілуі, Әлемнің басқа елінде курсқа қатысуға мүмкіндік беретін алмасу бағдарламаларының болуы, шетелдіктерге, әсіресе ТМД елдерінің жастарына арналған бейімделген оқыту бағдарламаларының болуы, университеттердің студенттер мен түлектерді жұмысқа орналастыруда көмегі (бос орындар жәрмеңкесі, өндірістік практиканы таңдау және т.б.), ЖОО -да заманауи қажетті

инфрақұрылымның болуы (жеке кампустар, кітапханалар, зертханалар, спорт клубтары және т.б.), Қазақстанда сапалы және қолжетімді білім алу перспективасының жоқтығы деп түсіндіреді.

Сонымен, байқағанымыздай Қазақстан жастарының шетелге көшіп кетуінің өсуі жағдайы байқалуда, бұл мәселені шешу үшін мемлекет өз тарапынан жастарға арналған бөлек бағдарламалар әзірлеу қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Жастар саясаты туралы» Заңы. [Электрондық ресурс]: / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> (қаралған күні 03.04.2023)
2. Демография и рынок труда за 2 квартал 2020 года. Серия «Аналитические обзоры» / АО «Центр развития трудовых ресурсов». [Электрондық ресурс]: - URL: <https://iac.enbek.kz/ru/node/962> (қаралған күні 04.04.2023)
3. Bauer, M.Sh., Mussina, R.S., Ovchinnikova, T.V., Amerkhanova, I.K. Development problems of social entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan [Text] // Journal of Advanced Research in Law and Economics. – 2018. – Vol. 9, Issue 4(34). – P. 3-15.
4. Государственная Программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017–2021 годы «Еңбек». [Электрондық ресурс]: - <http://www.enbek.gov.kz>
5. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000316> (қаралған күні 05.04.2023)
6. Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2016 жылғы 6 сәуір [Электрондық ресурс]: - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000482> (қаралған күні 05.04.2023)